

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мальдив Республикасының
Үкіметі арасындағы визалық талаптардан өзара босату туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мальдив Республикасының Үкіметі

Тараптардың мемлекеттері арасындағы достық қатынастарға жәрдемдесуге тілек білдіре отырып,

Тараптардың мемлекеттері аумағында өз мемлекеттері азаматтарының келуін жеңілдету мақсатында

төмендегілер туралы келісті.

1-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары – жарамды жол жүру құжаттарының иелері екінші Тарап мемлекетінің аумағында өздері келген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын кезеңге бір мәрте немесе көп мәрте келу, кету, транзитпен өту, уақытша болу үшін визалық талаптардан босатылады.

2. Іскерлік мақсаттарда, жұмысқа орналасу немесе оқу мақсаттарында екінші Тарап мемлекетінің аумағында осы баптың 1-тармағында көзделген ең ұзақ кезеңнен ұзағырақ қалуға ниет білдіруші бір Тарап мемлекетінің азаматтары – жарамды жол жүру құжаттарының иелері осы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес талап етілетін тиісті визаны алуға тиіс.

2-бап

1. Мыналар:

- 1) дипломатиялық паспорт;
- 2) қызметтік паспорт;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

4) қайтып оралуға арналған куәлік Қазақстан Республикасының жарамды жол жүру құжаттары болып табылады.

2. Мыналар:

- 1) дипломатиялық паспорт;
- 2) ресми паспорт;
- 3) әдеттегі паспорт;
- 4) уақытша жол жүру құжаты Мальдив Республикасының жарамды жол жүру құжаттары болып табылады.

3-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына халықаралық қатынаспен саяхаттаушылар үшін ашық пункттер арқылы келіп, кете алады, транзитпен өте алады және соңғы Тарап мемлекетінің шетел азаматтарына немесе азаматтығы жоқ адамдарға келуге, кетуге және транзитке қатысты қолданылатын заңнамасын сақтауға тиіс.

4-бап

1. Осы Келісім Тараптардың өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті немесе халық денсаулығын қорғау мақсатында екінші Тарап мемлекеті азаматтарының келуіне немесе болуына рұқсат беруден бас тарту құқығын шектемейді.

2. Осы Келісім Тараптардың екінші Тарап мемлекетінің нон-грата персоналарына немесе қош көрмейтін азаматтарына себептерін көрсетпей өз мемлекетінің аумағына келуге тыйым салу немесе өз мемлекетінің аумағында олардың болуын тоқтату құқығын шектемейді.

5-бап

Тараптардың бірінің мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған уақытта жарамды жол жүру құжаттарын жоғалтып немесе бүлдіріп алған жағдайда осы мемлекеттің аумағын өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық немесе консулдық өкілдігі өздеріне берген жаңа жарамды жол жүру құжаттарының негізінде визалық талаптарды орындай отырып тастап шыға алады.

6-бап

Тараптардың бірінің мемлекетінің форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан өздері келген күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде екінші Тарап мемлекетінің аумағынан кетуге мүмкіндігі жоқ азаматтары өздерінің болуын болу мемлекетінің аумағынан кету үшін қажетті уақыт кезеңіне дейін ұзартуға рұқсат алу үшін осы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына растайтын құжаттармен жүгінуге тиіс.

7-бап

1. Тараптар осы Келісімге қол қойылған күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген өздерінің жарамды жол жүру құжаттарының үлгілерімен алмасады.

2. Жаңа жол жүру құжаттары енгізілген немесе қолданыстағылары өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы бір-біріне дереу хабарлайды және дипломатиялық арналар арқылы осындай жол жүру құжаттарының үлгілерін, сондай-ақ олардың қолданылуына қатысты ақпаратты олар ресми енгізілгенге немесе өзгертілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жібереді.

8-бап

1. Тараптардың әрқайсысының екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті немесе халық денсаулығын қорғау мақсатында осы Келісімнің қолданылуын уақытша, ішінара немесе толық тоқтата тұруға құқығы бар. Бұл жағдайда осы Келісімнің қолданылуы осындай хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң тоқтатыла тұрады. Тараптар дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің қолданылуы уақытша, толық немесе ішінара қалпына келтірілетін күнді келіседі.

2. Осы Келісімнің қолданылуын осы баптың 1-тармағына сәйкес тоқтата тұру осы Келісімнің қолданылуын тоқтата тұруды іске асыратын Тарап мемлекетінің аумағындағы екінші Тарап мемлекеті азаматтарының құқықтарын қозғамайды.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер немесе даулар Тараптар арасындағы консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

10-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кейін күшіне енеді.


2. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданылуын екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жіберу арқылы тоқтата алады. Бұл жағдайда осы Келісімнің қолданылуы осындай хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кейін тоқтатылады.

2022 жылғы 9 мамырда Мале қаласында әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндер арасында сәйкессіздіктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

**Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін**



**Мальдив Республикасының
Үкіметі үшін**



СОГЛАШЕНИЕ
между Правительством Республики Казахстан и Правительством
Мальдивской Республики о взаимном освобождении от визовых
требований

Правительство Республики Казахстан и Правительство Мальдивской Республики, именуемые в дальнейшем «Стороны»,
желая содействовать дружеским отношениям между государствами Сторон,
с целью облегчить въезд граждан своих государств на территории государств Сторон,
согласились о нижеследующем.

Статья 1

1. Граждане государства одной из Сторон – владельцы действительных проездных документов освобождаются от визовых требований для однократного или многократного въезда, выезда, транзита, временного пребывания на территории государства другой Стороны на период, не превышающий 30 (тридцать) календарных дней с даты их въезда.

2. Граждане государства одной из Сторон – владельцы действительных проездных документов, намеревающиеся в деловых целях, в целях трудоустройства или учебы оставаться на территории государства другой Стороны дольше, чем максимальный период, предусмотренный в пункте 1 настоящей статьи, должны получить соответствующую визу, требуемую в соответствии с законодательством государства этой Стороны.

Статья 2

1. Действительными проездными документами Республики Казахстан являются:

- 1) дипломатический паспорт;
- 2) служебный паспорт;
- 3) паспорт гражданина Республики Казахстан;

4) свидетельство на возвращение.

2. Действительными проездными документами Мальдивской Республики являются:

- 1) дипломатический паспорт;
- 2) официальный паспорт;
- 3) обычный паспорт;
- 4) временный проездной документ.

Статья 3

Граждане государства одной из Сторон могут въезжать и выезжать или следовать транзитом через территорию государства другой Стороны через пункты, открытые для путешествующих международным сообщением, и должны соблюдать законодательство государства последней Стороны, применяемое к иностранным гражданам и лицам без гражданства в отношении въезда, выезда и транзита.

Статья 4

1. Настоящее Соглашение не ограничивает право Сторон отказать во въезде или разрешении на пребывание гражданам государства другой Стороны в целях обеспечения национальной безопасности, охраны общественного порядка или здоровья населения в соответствии с законодательством своего государства.

2. Настоящее Соглашение не ограничивает право Сторон запрещать персонам нон-грата или нежелательным гражданам государства другой Стороны въезжать на территорию своего государства или прекращать их пребывание на территории своего государства без указания причин.

Статья 5

Граждане государства одной из Сторон, в случае утери или порчи действительных проездных документов во время пребывания на территории

государства другой Стороны, могут покинуть территорию этого государства на основании новых действительных проездных документов, выданных им дипломатическим или консульским представительством государства, гражданами которого они являются, при соблюдении визовых требований.

Статья 6

Граждане государства одной из Сторон, не имеющие возможности выехать с территории государства другой Стороны в течение 30 (тридцать) календарных дней с даты их въезда вследствие форс-мажорных обстоятельств, должны обратиться с подтверждающими документами в компетентные органы государства этой Стороны за разрешением на продление их пребывания на период времени, необходимый для выезда с территории государства пребывания.

Статья 7

1. Стороны обмениваются по дипломатическим каналам образцами своих действительных проездных документов, указанных в статье 2 настоящего Соглашения, не позднее чем через 30 (тридцать) календарных дней после даты подписания настоящего Соглашения.

2. В случае введения новых проездных документов или изменения существующих Стороны незамедлительно информируют об этом друг друга и направляют по дипломатическим каналам образцы таких проездных документов, а также информацию, касающуюся их применения, не позднее, чем за 30 (тридцать) календарных дней до их официального введения или изменения.

Статья 8

1. Каждая из Сторон имеет право временно, частично или полностью приостановить действие настоящего Соглашения в целях обеспечения

национальной безопасности, охраны общественного порядка или здоровья населения посредством письменного уведомления по дипломатическим каналам другой Стороны. В этом случае действие настоящего Соглашения приостанавливается по истечении 30 (тридцать) календарных дней с даты получения такого уведомления. Стороны согласовывают дату временного, полного или частичного возобновления действия настоящего Соглашения по дипломатическим каналам.

2. Приостановление действия настоящего Соглашения в соответствии с пунктом 1 настоящей статьи не затрагивает права граждан государства другой Стороны, находящихся на территории государства Стороны, реализующей приостановление действия настоящего Соглашения.

Статья 9

Любые разногласия или споры, возникающие при толковании или применении положений настоящего Соглашения, разрешаются путем консультаций или переговоров между Сторонами.

Статья 10

По взаимному согласию Сторон в настоящее Соглашение могут быть внесены изменения и дополнения, которые являются неотъемлемой частью настоящего Соглашения и оформляются отдельными протоколами.

Статья 11

1. Настоящее Соглашение заключается на неопределенный срок и вступает в силу через 30 (тридцать) календарных дней с даты получения по дипломатическим каналам последнего письменного уведомления о выполнении Сторонами внутригосударственных процедур, необходимых для его вступления в силу.

2. Каждая из Сторон может прекратить действие настоящего Соглашения путем письменного уведомления другой Стороны по

дипломатическим каналам. В этом случае действие настоящего Соглашения прекращается через 90 (девяносто) календарных дней с даты получения такого уведомления.

Совершено в городе Мале 9 мая 2022 года в двух экземплярах, каждый на казахском, английском и русском языках, при этом все тексты имеют одинаковую силу. В случае возникновения расхождений между текстами настоящего Соглашения Стороны обращаются к тексту на английском языке.

**За Правительство
Республики Казахстан**



**За Правительство
Мальдивской Республики**

